

► Түркістан тұлғалары

# Қазақта ақын өткен ТҰРЛЫБЕКТЕЙ



Тұрлыбек Сұлтанбекұлы Сайрам ауданы, Шіркін ауылында дүниеге келген. Ол жасына енді толғанда анасы қайтыс болады. Әкесі Сұлтанбек өз заманында айтыскер ақын, арқалы жырау болған екен. Өзі айтқандай, «өнеріммен түстім жолға серіліктің, Той-жиында жыр- айтыстың туын тіктім...» деп ауыл арасындағы жиын-тойлардан қалмай, бөдік, қыз бен жігіт айтыстарына қатысып, көпшілікке ерте танылған көрінеді. Сұлтанбекке еліктеп өскен жастар көп болған. Кейін Оңтүстік Қазақстан облысының халық ақыны болған Тастан, Анарбай, Белгібай, Көлімбет секілді жастар соғынан өрген. Өзінің алдындағы Кенжебай Жауһанұлымен араласып, өнерін ұштаған. Қияқ мұртты, қара қас, өткір көзді сұлу жігіт талай айтыста, той-жиындарда жасындай жарқылдап, қиып түсер қылыштай өткір сөздерімен көптің ықыласына бөленген екен. Бірде бір тойда ақылына көркі сай, сөзі өткір ақынға көптің назары түсіп, қатты ауырады. Еліне келген соң сол дерттен бас көтере алмай, өмірден өтеді. Кеңес дәуірінде дайындалған ақын-жыраулардың тізіміне енбей қалуының да бір себебі осы. КСРО халық мұғалімі, ақын, Түлкібас ауданының құрметті азаматы Балтабай Есімбекұлының «Сол кезде Сұлтанбек отыздан сәл ғана асқан орда бұзар жаста екен» деген дәлеліне сүйенсек, Сұлтанбек ақын шамамен 1912 жылдары қайтыс болған секілді. Отыздан асқан шағында қайтты деген мәліметті есептесек, ақын 1875-1880 жылдар аралығында дүниеге келген болып шығады.

Қайтыс болар алдында інісі Әбдібекті (ағайын-туыстары Әлжан деп атап кеткен) шақырып алып, «балам әлі жас, есе келе мөнің өнерім балама дарып жатса, ел алдында шығып, айтысқа түспесін, серілік құрмасын, мен сияқты өмірден жас кетпесін, мөнің жолымды қумасын. Тұрлыбекті өз балаңдай тәрбиелеп, осы аманатымды жеткізерсің» депті. Әбдібек ағасының тілегін орындап, Тұрлыбекті қамқорлығына алып, өз баласынан кем қылмай өсіреді. Әкесі Сұлтанбектің жазып кеткен өсиетін жеткізіп, жұрт алдына шықпауын өтінеді.

Тұрлыбек ақын:

«Жылдар өтті ықылым заманында,  
Бұлқынып талант жатты өн бойымда.  
Ұстанып өке айтқан өсиетті,  
Өнеріммен-шыға алмадым топ алды-

на» деп өзі жырлағандай, өке аманатына адал болғандықтан ақындық жыраулық өнерін халық алдында көп көрсете алмаған.

Ауыл мектебінен сауатын ашқан Тұрлыбек Сұлтанбекұлы жастайынан жергілікті молда, хазіреттерден деріс алып, арабша хат таниды. Қазақтың эпос жырларымен, араб-парсы әдебиеттерінің үлгілерімен таныс болады. Халықтың ұшан-теңіз ауыз әдебиеті мен сол заманның ақын, термеші, жырауларының өлең жырларынан үлгі алады. Өкешешеден ерте қалған зөрек әрі алғыр, ізденімпаз бала Тұрлыбек көп нәрсені көзбен көріп, көңілге тоқып өседі. Ел арасында сақталған қисса, дастан, тарихи жырларды, эпостарды, айтыстарды сүйсіне тыңдап, ой-санасына сіңіріп, жаттап алып, кейіннен оларды өңдеп, кем-кетігін түзеп, толықтырып, келешекке мұра етіп қалдыру мақсатында арабша қағаз бетіне түсіріп, кейіннен қазақ тіліне аударып, халыққа жеткізеді.

Тұрлыбек ақын бұрыннан халыққа етене таныс «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастандарын жаңа балама нұсқаларын өзінше жазып қалдырған. Алғаш бұл нұсқаларды араб тілінде (төте жазумен) жазып, кейіннен қазақ тіліне аударған. Одан кейін «Жалғыз қаз», «Құралай сұлу», «Жапал мен Таңшебер», «Мұңлы-Сейіл», «Мұңкүн жетім», «Құлқаныс-Зеберше» дастандары мен «Қазыналы Оңтүстік» көп томдығының он сегізінші томында алты толғауы жарияланды.

Кеңес заманында өмір сүрген С.Торайғыров, Т.Ізтілеуов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов секілді көптеген ақын, жазушылардың еңбектерін толық оқып шыққан. «Сол ақын, жазушылардың шығармаларынан нәр алғандығы сондай, өлеңдерін жатқа айтып отырушы еді» дейді ұрпақтары. «Мұңкүн жетім», «Жалғыз қаз», «Кейін-батыр», «Қыз Жібек пен Төлеген», «Құлқаныс пен Зеберше», «Жапал-Таңшебер» қисса-дастандарын өзінің ерекше мақамымен жырлаушы еді. Ұрпақтарының тағы бір құнды еңбегі – Тұрлыбек Сұлтанбекұлы жинақтап жазған дастан, қисса, арнауларын, жырларын магнитофонның катушкалық он таспасына өзінің көзі тірінде түсіріп алғанында.

Тұрлыбек Сұлтанбекұлы 1929 жылы Орынбордағы ФЗО мектебін, 1930-1931 жылдары Әулиеата (қазіргі Тараз) қаласындағы техникалық мектепті үздік бітіріп шығады. 1932-1935 жылдары Термез қаласында Қызыл Армия сапында болып, азаматтық борышын өтейді. Басмашылардың соңғы тобын жоюға да қатысады. 1935-1941 жылдары Жамбыл стансасында, 1941-1965 жылдары Түлкібас стансасында машинист болып жұмыс істейді. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бірнеше медальмен, Алғыс хаттармен марапатталған. Тұрлыбек ақсақал қызметте жүріп асыл қазынамыз фольклорлық туындыларды, термелерді, өлең, айтыс, қисса, дастандарды өзінше өңдеп, араб тілінде жазып шыға-

ды. Әрі өзінің төл туындыларын жазуға уақыт тауып отырған.

Тұрлыбек Сұлтанбекұлы қазақ әдебиетінде өлі күнге белгісіз күйінде қалып, танылмай келе жатқан атақты Нұралы Нысанбайұлының өзін көрмесе де шығармаларынан нәр алып, соның «дастаншылдық дәстүрінен» сусындаған. Атақты Нұралы Нысанбайұлының «Мұңкүн жетім» дастаны бізге Тұрлыбек ақын арқылы мәлім болып отыр. Нұралы шәкірттерінен кеңес дәуірінде кең танылғаны – Орынбай мен Қазанқап. Тұрлыбек ақын Нұралының жүздеген шәкіртінің арасынан Оңтүстік Қазақстан облысының халық ақыны болған Көпбай Өлімбетов, Тастан Жолдасовтармен шығармашылық байланыста болады.

«Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығы қолжазбалар қорында Тұрлыбектің атақты Бауыржан Момышұлымен Белгібай ақынның үйінде кездескені туралы дерек сақталған. Тұрлыбектің арнау, толғауларын, дастандарын тыңдаған қазақ батырының «не үшін айтыстарға, жиындарға қатыспай жүрсің?» деген сұрағына әкесінің өсиетін айтады. Осыншама көл-көсір дүниенің қалып бара жатқанына өкінген батыр Баукең ақынға біраз кеңес берген екен.

Айта кетсек, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетінде «нәзира» дәстүрі қатты өрістеді. Мұның біздіңше негізгі екі себебі болды. Біріншісі, «уды умен қайтару» дәстүріне негізделген «орыстандыруға» қарсылықтан туған болса, екіншісін, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы бұрыннан етене таныс Шығыс тақырыбына «қол ұруынан» көрінді. Өйткені, А.Байтұрсынұлының жазуынаша, «қиссалар – өлеңмен жазылған ертегі». Ал, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында, тіпті кеңес дәуірі заманында да «өлең сөзге», әсіресе, күнгей өлкесінің қазақтарының жақын болғандығын білеміз.

Осы дәстүрге Тұрлыбек ақын да бағынған. Оған заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Қазақ ортасына Ислам дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүйі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, өңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген» деген пікірлері өте орынды айтылған. Бұл үрдіс, әсіресе, Оңтүстік шайырларында қатты дамытылып, тіпті көшегі кеңес дәуірінің соңына дейін жалғасқандығын бір ғана Тұрлыбек ақынның «нәзира» дәстүрімен жырланған дастандары арқылы ғана көз жеткізе түсеміз» деген сөзі дәлел болса көрек.

**Саттар ДОСАЛЫҰЛЫ,**  
халықаралық «Тұран» академиясының академигі, М.О.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Абайтану-Мұхтарману» ғылыми орталығының қызметкері.